

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ «KMF Банк» АҚ-да АҒЫМДАҒЫ ШОТ АШУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ КАРТАСЫН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ
(бұдан әрі – «Өтініш»)**

Күні	
Клиенттің аты-жөні	
Клиенттің ЖСН	
Жеке басты куәландыратын құжат (құжат №, кім және қашан берді, қолданылу мерзімі)	
Резиденттік	
Тіркелген мекенжайы	
Нақты тұрғылықты мекенжайы	
Байланыс телефон нөмірі	
Email (бар болса)	

АҒЫМДАҒЫ ШОТ (бұдан әрі - шот) АШУДЫ ЖӘНЕ ДЕБЕТТІК ТӨЛЕМ КАРТАСЫН (бұдан әрі - карта) МЫНАДАЙ ШАРТТАРДА ШЫҒАРУДЫ СҰРАЙМЫН:

1. Шот түрі	ағымдағы шот
2. Карта типі	☐ Gold ☐ Басқасы ¹
3. Шот валютасы	☐ KZT ☐ Басқасы ²
4. Шот/карта ашу, жүргізу және қызмет көрсету үшін комиссиялар	Интернет-ресурста мына сілтеме бойынша орналастырылған Банктің тарифтеріне сәйкес: https://kmf.kz
5. Карта түрі	☐ Негізгі ☐ Басқасы ³
6. Халықаралық төлем жүйесінің атауы	☐ MasterCard ☐ Басқасы ⁴
7. Шот бойынша кепілдіктің ең жоғары (шектік) сомасы («Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңында белгіленген сома) ⁵	ұлттық валютада 10 миллион теңгеден аспайды; шетел валютасында 5 миллион теңгеден аспайды. Егер Банкте түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше депозит (салым) орналастырылған/ашылған болса, онда барлық депозит (салым) бойынша соманың жиынтық қалдығына кепілдік беріледі, бірақ әрбір депозит (салым) бойынша шектерді ескере отырып, кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасынан – 20 миллион теңгеден аспайды. Кепілдік берілген өтемді депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым салым бойынша есептелген сыйақыны және шоттағы қалдық сомасын ескеріп, депозиттегі (салымдағы) қалдық сомасын негізге ала отырып, бірақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңының 18-бабында белгіленген, Банкті лицензиясынан айыру күніндегі кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайтын мөлшерде төлейді.

Осы Өтінішке қол қою арқылы мен

I. «KMF Банк» АҚ Төлем картасын беру туралы шартқа (жеке тұлғаларға арналған) (бұдан әрі – Шарт), «KMF Банк» АҚ Банктік қызмет көрсету шартына (жеке тұлғаларға арналған) (бұдан әрі – БҚКШ) қосыламын және мыналарды растаймын:

1.1. Мен Шарт, БҚКШ, Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері және тәртібі туралы хабарлама және Банктің Тарифтері Банктің интернет-ресурсында (<https://kmf.kz>) орналастырылғанынан хабардармын, мен осы құжаттармен таныстым, олардың мәтінін түсінемін, олармен толық келісемін және оларды тиісінше орындауға міндеттенемін.

1.2. Осы Өтініш Банктің Мобильді қосымшада сәйкесінше растауы немесе Банк атынан уәкілетті тұлғаның қол қоюы арқылы әрі қарай акцепттеуі шартында Шартпен және БҚКШ-мен бірлесе жасалған болып табылатынын түсінемін.

1.3. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Шартқа, БҚКШ-ға және Банк Тарифтеріне өз бетінше өзгерістер енгізуге құқылы екенін білемін. Егер мен Шарттың, БҚКШ-ның өзгертілген талаптарына және Банк Тарифтеріне келіспесем, Шартты және БҚКШ бұзу тек менің ағымдағы шотты және төлем картасын жабу туралы жазбаша өтінішімнің негізінде жүзеге асырылатынына келісемін. Банк Шарттың өзгертілген нұсқасымен, БҚКШ-мен және Банк Тарифтерімен және осы Өтініштің талаптарымен келіспеу туралы менің өтінішімді алмаған жағдайда, мен тиісті жаңа редакцияны қабылдаймын.

1.4. Мен осы Өтініште көрсетілген барлық ақпараттың дұрыс екенін және оны өз еркіммен және өз бастамам бойынша ұсынғанымды растаймын және осы Өтініште көрсетілген деректердің өзгеруі туралы ақпаратты дереу ұсынуға міндеттенемін.

1.5. Банктің мобильді қосымшасындағы қаржы өнімдерінің/қызметтердің/тарифтердің атаулары менің шарттарымда/өтініштерімде және Банктің интернет-ресурсында/Тарифтерінде көрсетілген қаржы өнімдерінің/қызметтердің/тарифтердің атауларынан өзгеше болуы мүмкін екенінен хабардармын және келісемін. Бұл ақпаратпен мен Банктің интернет-ресурсында таныса аламын (<https://kmf.kz>).

1.6. • Алаяқтық операциялардан қорғау мақсатында телефон, электрондық пошта немесе әлеуметтік желілер арқылы өзімнің дербес деректерімді немесе банктік деректемелерімді үшінші тұлғаларға хабарлауға болмайтындығы, Банк атынан немесе өзге тұлғалардан осындай сұрау алған жағдайда алаяқтықтан қорғау мақсатында Банктің кез келген бөлімшесіне немесе Банктің Байланыс орталығына жүгіну қажет екендігі; үшінші тұлғалардың менің мобильді құрылғымды, логинді, құпиясөзді және Банктің мобильді қосымшасына кіру үшін басқа да верификация құралдарын пайдаланғаны үшін жауапкершілік көтеретінім; Банк қызметкерлері Банктің мобильді қосымшасынан басқа бөгде қосымшаларды орнатуды сұрамайтындығы, менің банктік шоттарымдағы кредиттік, депозиттік қаражатты немесе өзге де қаражатты біреуге аударуды сұрамайтындығы және менің ақшамды аудару үшін маған ешкімнің деректемелерін көрсетпейтіндігі жөнінде хабардармын.

II. Мен Банкте теңгемен және шетел валютасымен ашылған ағымдағы шоттан, өзге де банктік шоттардан аталған банктік шоттарды тікелей дебеттеу арқылы мына:

¹ Клиент өтініш берген күні қолданыстағы, Банктің бекітілген өнімдеріне сәйкес шығарылатын өзге де карта түрлері

² Клиенттің таңдаған валюта түрін ескере отырып түзетіледі

³ Клиенттің таңдаған карта түрін ескере отырып түзетіледі

⁴ Клиенттің таңдаған халықаралық төлем жүйесін ескере отырып түзетіледі

⁵ Кепілдіктің ең жоғары (шектік) сомасы шоттың валютасына сәйкес көрсетіледі

- 1.1. Банк Тарифтеріне сәйкес ағымдағы шотқа және олар бойынша жүргізілетін операцияларға банктік қызмет көрсеткені үшін Банктің қызметтеріне ақы төлеуге ақша есептен шығарылған жағдайда;
- 1.2. кез келген шарттар бойынша, оның ішінде ағымдағы шот, өзге банктік шоттар бойынша банктік қызмет көрсету үшін және Банк көрсететін өзге қызметтер үшін Банк қызметтерін төлеу бойынша Банк алдында берешек туындаған жағдайда, Банк алдындағы берешек, сондай-ақ Банкпен жасалған шарттар бойынша менің міндеттемелерімнің бұзылуына байланысты Банктің өзге шығыстары мен залалдарының сомалары мөлшерінде;
- 1.3. ТК беру туралы шартта, Банктік қызмет көрсету шартында, Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда ақша алуға (есептен шығаруға) сөзсіз келісімді беремін.

III. Шот ашу банктік шот бойынша кәсіпкерлік қызметке, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимі шеңберіндегі қызметке, нотариаттық қызметке, адвокаттық қызметке, атқарушылық құжаттарды орындау бойынша қызметке, дауларды медиация тәртібімен реттеу бойынша қызметке қатысты операцияларды жүзеге асыруға байланысты емес.

IV. Осы арқылы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес «КМФ Банк» АҚ-ға БСН 061240001583 (бұдан әрі - Банк):

- Банкке және үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банк акционерлеріне, үлестес және Банкпен байланысты өзге де тұлғаларға, Банк серіктестеріне, коллекторлық агенттіктерге, уәкілетті органдарға, құқық қорғау органдарына және өзге де арнайы мемлекеттік органдарға, лауазымды және өзге де уәкілетті тұлғаларға (бірақ олармен шектелмей), сонымен қатар Банк мәміле бойынша қатысушы немесе тарап болатын ұйымға (бұдан әрі – Ұйым), «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ БСН 120940011577, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС БСН 040940002421, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ БСН 971240002115, «КаР-Тел» ЖШС БСН 980540000397 (бұдан әрі бірлесіп және жекелей «Операторлар» деп аталады) қазіргі уақытта және болашақта менің дербес деректерімді (Клиенттің және заңды өкілінің дербес деректерін) жинауға және өңдеуге өзімнің нақты, ақпараттандырылған және саналы келісімді беремін, олар соның ішінде мына деректерді қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); жынысы, туған күні, айы, жылы және туған жері; азаматтығы; резиденттігі (резиденттік елі және салық резиденттігі); FATCA белгісі туралы мәліметтер; жария лауазымды тұлға мәртебесінің болуы немесе жария лауазымды тұлғаға қатысы туралы мәліметтер; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжат деректері; кіріс және шығыс төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша төлем деректемелері; ақшаның шығу көзі; менің геолокациям; IP-мекенжайым; ұялы байланыстың абоненттік нөмірі; банктік шот бойынша операциялар жүргізілген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының параметрлері (сәйкестендіргіштер: IMEI/IMEISV, Device ID, Android ID); ұялы байланыс абоненттік құрылғысының микрофонына қолжетімділік; электрондық банктік қызметтер ұсынылған жағдайда, сондай-ақ қолданыстағы және жабық төлем карталары; ұялы байланыстың абоненттік нөмірлері және бұрын пайдаланылған ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының параметрлері туралы мәліметтер; биометриялық деректер; тұрғылықты жері, заңды мекенжайы (тіркелген жері), жұмыс орны туралы мәліметтер; пошталық және электрондық мекенжайы, телефон нөмірлері; іскерлік қатынастардың мақсаты мен сипаты туралы мәліметтер; сәйкестендіру/аутентификация/авторизация үшін пайдаланылатын қолтаңба (өз қолымен және/электрондық-цифрлық), мөрлер, факсимиле, алгоритмдер, кодтар, код сөздері (идентификатор сөздері) немесе сәйкестендіру кодтары және өзге де деректер; фотосурет және бейнекөрінісі; білімі, мамандығы туралы мәліметтер; отбасы жағдайы және отбасы құрамы туралы мәліметтер (оның ішінде кемелет жасқа толмаған балалары туралы дербес деректер); мүлктік жағдайы, табысы, кредиттік тарихы және берешегі туралы мәліметтер; банк, сақтандыру, салық құпиясын құрайтын мәліметтер, дербес медициналық деректер, сонымен қатар заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлері; кез келген өзге де дербес деректер. Мен туралы, соның ішінде дербес деректерді және банк құпиясын қамтитын мәліметтерді жинауға және өңдеуге және талаптарға осы келісім жиынтығында Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына жауап беретін дербес деректерді және банк құпиясын қамтитын мәліметтерді, яғни Банк қызметі барысында Банкке белгілі болатын немесе белгілі болған, сауалнамаларды, өтініштерді, шарттарды, Банктің өзге де құжаттарын толтыру барысында мен ұсынған мәліметтерді (бірақ олармен шектелмей) қоса алғанда, электрондық, қағаз нұсқада және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште берілген барлық мәліметтерді 1) Банк Жарғысына және банктік және өзге де операцияларды атқаруға берілген лицензияға сәйкес банктік және өзге де қызметтерді/операцияларды көрсету/жүргізу, қызметті жүзеге асыру; 2) кез келген шарттарды/мәмілелерді жасау және оларды әрі қарай орындау барысында өзара іс-қимылды жүзеге асыру; 3) Банктің акциялар, сауалнамалар, зерттеулер жүргізуі, көрсетілетін қызметтер, өнімдер туралы, жаңа өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді әзірлеу туралы ақпарат пен ұсыныстар беру; 4) статистикалық есептілікті қалыптастыру, оның ішінде үшінші тұлғаларға ұсыну үшін; 5) алаяқтық, шоттан (шоттардан) ақша ұрлау, өзге де құқыққа қайшы әрекеттер (оқыс оқиғалар) жағдайларын анықтау, болашақта осындай құқыққа қайшы әрекеттердің (оқыс оқиғалардың) алдын алу және осындай әрекеттердің салдарын оқшаулау; 6) тиісті тексеру, сондай-ақ банктік операцияларға қатысты қаржылық мониторинг бойынша шараларды жүзеге асыру; 7) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында мәліметтер мен құжаттар алмасуды жүзеге асыру мақсатында; 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге де мақсаттар үшін жинауға және өңдеуге жазбаша келісімді танытатынын түсінемін.

Осы келісім Банктің банктік және өзге де операцияларды/қызметтерді көрсету/жүзеге асыру, сондай-ақ банктік қызмет көрсету шартының, азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастардың қолданылу кезеңіне және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тиісті құжаттарды/шарттарды және дербес деректерді сақтау кезеңіне берілді. Мен жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін қажетті менің дербес деректеріме қатысты кез келген іс-қимылды: қажет болған жағдайда жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңарту, өзгерту), пайдалануды, таратуды (жалпыға қолжетімді дереккөздерден басқа), бұғаттауды, несіздендіруді, жоюды қоса алғанда (бірақ онымен шектелмей), сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын ескере отырып, менің дербес деректеріммен кез келген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беремін. Осы Өтініш Банк оны акцептегеннен кейін Мобильді қосымшадағы «Құжаттар» қойындысында орналастырылады.

Банк деректемелері: «КМФ Банк» акционерлік қоғамы БСН/БИН 061240001583 Заңды мекенжайы: A25E0X5, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50 Эл.мекенжайы: info@kmf.kz Интернет-ресурс: https://kmf.kz	Клиент деректемелері: Аты-жөні: _____ ЖСН: _____ Жеке басты куәландыратын құжат № _____, 20__ жылғы «__» _____ берілген, берген орган _____ Мекенжайы: _____ тел.: _____
---	---